

**"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының өнеркәсіп кәсіпорындарын дамыту орталығының әлеуетін нығайту" жобасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі мен өнеркәсіптік даму бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНИДО) арасындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 қазандағы № 1343 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Даму» КДҚ» АҚ) өнеркәсіп кәсіпорындарын дамыту орталығының әлеуетін нығайту» жобасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі мен өнеркәсіптік даму бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНИДО) арасындағы ынтымақтастық туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрі Ерболат Асқарбекұлы Досаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан «Даму» КДҚ» АҚ-ның өнеркәсіп кәсіпорындарын дамыту орталығының әлеуетін нығайту» жобасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі мен өнеркәсіптік даму бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНИДО) арасындағы ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 3

қ а з а н д а ғ ы

№

1 3 4 3

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының өнеркәсіп кәсіпорындарын дамыту орталығының әлеуетін нығайту» жобасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі мен өнеркәсіптік даму бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНИДО) арасындағы ынтымақтастық туралы хаттама**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен өнеркәсіптік даму бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНИДО) өнеркәсіп кәсіпорындарын дамыту орталығының әлеуетін нығайту» (бұдан әрі – ӨКДО) атты» ЮНИДО жобасы (бұдан әрі – Жоба) шеңберіндегі ынтымақтастық бойынша өз ниетін растайды және төмендегілер туралы келісті:

1. Тараптар Қазақстан Республикасының өнеркәсіп секторының шағын және орта кәсіпорындарына (бұдан әрі – ШОК) олардың әлеуметтік-экономикалық рөлі мен Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді, толық қамтитын және тұрақты өсуі мен гүлденуін қамтамасыз ету әлеуетінің сапалы дамуына жәрдемдесу қажеттілігі туралы ортақ пікірді алға тартады. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Даму» КДҚ» АҚ) қабылдаған стратегиялық маңызды шешім Өнеркәсіп кәсіпорындарын дамыту орталығын құруға бағытталған.

2. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының, сондай-ақ экономиканы әртараптандыру және жеке секторды дамыту жөніндегі ұлттық бағдарламалардың бекітілген басымдықтарына сәйкес Жобаның мақсаты «Даму» КДҚ» АҚ-ның жергілікті ШОК бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға және нарықты дамытуға мүмкіндік беретін қызметтерді ӨКДО институционалдық және техникалық әлеуетін нығайту жолымен алға жылжытуына жәрдемдесу болып табылатынын ризашылықпен а т а п ө т т і .

3. Жоба үш бағытқа негізделетін болады:

- 1) ұжымдық тиімділікке қол жеткізу және нарыққа шығу үшін ШОК желісін құру;
- 2) ШОК желісіне мүше кәсіпорындарды өнеркәсіптік жағынан жаңғырту мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесу;
- 3) бизнесті дамыту бойынша жергілікті нарықта көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру .

4. Жобаны іске асыру кезінде 1994 жылғы 4 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының арасындағы келісімнің ережелерін қолданады.

5. Хаттама қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жоба аяқталғанға дейін қолданыста болады. Хаттаманың қолданылуы Тараптардың біреуінің жазбаша түрде екіншісіне дипломатиялық арналар арқылы тиісті жазбаша хабарлама беруі арқылы тоқтатылуы мүмкін. Осындай хабарламаны алғаннан кейін 60 күн өткен соң оның қолданылуы аяқталады.

2012 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ қаласында қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде \_\_\_\_\_ данада қол қойылды. Барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік даму бойынша Біріккен Үкіметі үшін Ұлттар Ұйымы (ЮНИДО) үшін

Хаттамамның ағылшын тіліндегі мәтіні берілген.

A p p r o v e d  
b y t h e G o v e r n m e n t  
o f t h e R e p u b l i c o f K a z a k h s t a n  
f r o m O c t o b e r 2 3 , 2 0 1 2  
№ 1343  
Draft

**Protocol of Cooperation between the Government of the Republic of Kazakhstan and the United Nations Industrial Development Organization (UNIDO) regarding the Project «Strengthening the «Entrepreneurship Development Fund «Damu» JSC Centre for Development of Industrial Enterprises (CDIE)»**

Whereas the Government of the Republic of Kazakhstan and the United Nations Industrial Development Organization (UNIDO), hereinafter referred to as the «Parties», reaffirm their intention to cooperate in the framework of the UNIDO Project «Strengthening the «Entrepreneurship Development Fund «Damu» JSC Centre for Development of Industrial Enterprises (CDIE)» (hereinafter «the Project»); Now, therefore, the Parties agree on the following :

1. The Parties concur in the need to assist industrial small and medium enterprises (SMEs) in the Republic of Kazakhstan in the qualitative development of their socio-economic role and their potential to contribute to the long-term, comprehensive and sustainable growth and prosperity of the Republic of Kazakhstan. In this context, a key strategic decision taken by the Government of the Republic of Kazakhstan and «Entrepreneurship Development Fund «Damu» JSC (hereinafter the «DAMU Fund»), was to create the Centre for Development of Industrial Enterprises (hereinafter – CDIE).

2. The Parties agree that in accordance with the approved priorities of socio-economic development in Kazakhstan, as well as national programs for economic diversification and private sector development, the aim of the Project is to assist the DAMU Fund in providing services that enhance the competitiveness and market access of local SMEs through strengthening the institutional and technical capacities of the CDIE.

3. The Project will focus on three areas:

- 1) building SME networks to promote collective efficiency and market access;
- 2) promoting industrial upgrading and improving enterprise competitiveness for members of the S M E n e t w o r k s ;
- 3) improving the quality of business development services provided in the local market.

4. In the realization of the Project, Parties shall apply the provisions of the Basic

Assistance Agreement between the Government of the Republic of Kazakhstan and the United Nations Development Programme dated October 4, 1994.

5. This Protocol shall enter into force upon signature by both Parties and expire upon completion of the Project. The Protocol may be terminated by either Party by giving written notice to the other Party through diplomatic channels. Termination shall take effect 60 days after receipt of such notice.

Signed on this \_\_\_\_\_ day of \_\_\_\_\_ 20 «\_\_», at \_\_\_\_\_, in \_\_\_\_\_ copies in the Kazakh, English and Russian languages, all texts have equal force.

On behalf of the Government of the Republic of Kazakhstan  
On behalf of the United Nations Industrial Development Organization (UNIDO)